

6D051800 Жобаларды басқару білім беру бағдарламасының докторанты Алашбаева Нурсулу Муханбетовнаның «Компанияның ресурстық дамуының инвестициялық жобаларын басқару әдістері («ҚТЖ» ҰК» АҚ мысалында)» тақырыбында Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациясына берілген

ІШКІР

Алашбаева Нурсулу Муханбетқызының диссертациялық жұмысы 158 беттен тұрады. Жұмыста белгілер мен қысқартулар, кіріспе, үш тарау, қорытынды, қолданылған әдебиеттер тізімі және қосымшалар қамтылған. Диссертацияның құрылымы жүйелі, мазмұны толық, тақырып аясындағы негізгі мәселелерді жан-жақты қамтыған.

Зерттеу тақырыбы қазіргі таңда Қазақстан экономикасының стратегиялық маңызы бар салаларының бірі – көлік және логистика секторында өзекті болып табылады. «ҚТЖ» ҰК» АҚ еліміздің инфрақұрылымдық дамуында жетекші рөл атқарады, сондықтан компания қызметінде жобаларды тиімді басқару жүйесін қалыптастыру ұлттық экономиканың тұрақты дамуына ықпал етеді. Автор диссертациясында дәл осы маңызды мәселені қарастырып, жобалық менеджменттің ғылыми-әдіснамалық негіздерін, тәжірибелік қолданылуын және ресурстық дамуды қамтамасыз ету жолдарын зерттеген.

Зерттеудің өзектілігі. Диссертациялық жұмыстың өзектілігі Қазақстанда жобаларды басқарудың заманауи әдістерін тиімді қолдану қажеттілігінен туындайды. Өлемдік тәжірибеде жобаларды басқару компаниялардың ресурстарын оңтайландыруда және инвестициялық шешімдердің нәтижелілігін арттыруда шешуші рөл атқарады. Осыған байланысты, автор жобалық менеджмент қағидалары негізінде инвестициялық жобаларды басқару моделін әзірлеудің маңыздылығын негіздеген.

Ғылыми-теориялық негізі. Жұмыстың бірінші тарауында жобаларды басқару теориясының эволюциясы, классикалық және заманауи әдістемелердің ерекшеліктері қарастырылған. Автор жобаларды басқаруда қолданылатын әдістерді салыстыра отырып, олардың артықшылықтары мен кемшіліктерін айқындаған. Сонымен қатар, ресурстық даму тұрғысынан жобаларды басқарудың орны мен рөлі теориялық тұрғыдан талданған.

Зерттеудің талдау бөлімі. Екінші тарауда «ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметі кешенді түрде қарастырылған. Мұнда компанияның ресурстық әлеуеті, еңбек және қаржылық ресурстарын пайдалану тиімділігі, инвестициялық жобаларды іске асырудағы тәжірибесі мен проблемалары талданған. Автор нақты статистикалық материалдарды пайдалана отырып, компаниядағы жобаларды басқарудың ағымдағы жағдайына объективті баға берген. Бұл тарау жұмыстың тәжірибелік құндылығын айқындайды.

Ұсыныстар мен жаңалықтар. Үшінші тарауда автор Agile әдістемесі мен білімді басқару жүйесін кіріктіре отырып, инвестициялық жобаларды басқарудың жаңа моделін ұсынған. Бұл модель жобаларды басқару тиімділігін арттыруға бағытталған және темір жол саласында ғана емес, басқа да көлік

кәсіпорындарында қолдануға бейімделген. Инновациялық интеллектуалды әзірлемелерді енгізу арқылы жобалық шешімдер сапасын арттыруға, инвестициялық ресурстарды оңтайлы пайдалануға мүмкіндік беретіні көрсетілген.

Ғылыми жаңалығы.

– Agile әдістемесіне негізделген интеграцияланған басқару моделінің жасалуы;

– білімді басқару жүйесін жобаларды басқару процесіне енгізудің әдістемелік тәсілдерінің әзірленуі;

– компаниядағы ресурстарды тиімді пайдалану арқылы инвестициялық жобалардың табыстылығын арттыру жолдарының ұсынылуы.

Практикалық маңыздылығы. Ұсынылған модельдер мен әдістер «ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметінде тікелей қолдануға жарамды. Сонымен қатар, Қазақстандағы басқа да ірі кәсіпорындар үшін жобаларды басқарудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Бұл зерттеу нәтижелері көлік-логистика секторындағы стратегиялық шешімдер қабылдау процесін жетілдіруге, жалпы ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етеді.

Жұмыстың сапасы. Диссертациялық жұмыстың мазмұны, құрылымы мен ғылыми деңгейі жоғары бағалауға лайық. Автор зерттеу барысында кең ауқымды әдебиеттерді қарастырып, талдау жүргізген, алынған нәтижелерді жүйелеп, тәжірибелік ұсыныстар ұсынған. Дегенмен, жұмыста кейбір стилистикалық және техникалық сипаттағы ұсақ кемшіліктер бар. Бірақ олар диссертацияның ғылыми құндылығына және жалпы мазмұнына айтарлықтай әсер етпейді.

Қорытынды. Жоғарыда айтылғандарды ескері отырып, Алашбаева Нурсулу Муханбетқызының «Компанияның ресурстық дамуының инвестициялық жобаларын басқару әдістері («ҚТЖ» ҰК» АҚ мысалында)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы өзектілігімен, ғылыми жаңалығымен және тәжірибелік маңыздылығымен ерекшеленеді. Жұмыс мазмұны 6D051800 – «Жобаларды басқару» білім беру бағдарламасының паспортына толық сәйкес келеді және философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға қойылатын талаптарға сай орындалған және қорғауға ұсынамын.

Ғылыми жетекші:

Қ.И. Сатбаев атындағы ҚазҰТЗУ

«Менеджмент және математикалық экономика»

кафедрасының меңгерушісі

э.ғ.к., қауымдастырылған профессор,

PhD докторы



Түрегелдинова А.Ж.